



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗІМДІ БАСҚАРУ**

Құлшар Қалыбек

*aizhan.nurbaeva87@mail.ru*

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 2 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру бойынша Ұлт жоспары – 100 нақты қадам (57, 86, 87-қадамдар) шеңберінде көзделген негізгі қағидаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында белгіленген экономиканы әртараптандырудың басты бағыттарын және «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығына сәйкес Қазақстанның 2050 жылға дейін ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық бағыттарын іске асыруға бағытталған.

Мақаламызды туризм сөзіне анықтама берумен бастасaq. Туризм француздың «tourisme» сөзінен шыққан. Оның берер мағынасы серуендеу немесе жол жүру. Бұл жерде ескере кететін жайт адамның жұмыс бабымен немесе міндетті мәжбүрлеумен басқа жерге баруын туризм деп айта алмаймыз. Туризм деп аталуы үшін ол адам ерікті түрде, өзінің рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, өзінің тұратын ауданынан өзге жерге көріп, біліп және қызықтау мен демалу үшін жасалатын саяхат болуы қажет.

Қазақстанда туризмді дамыту бойынша бағдарлама жобасы жасалынға, Қазақстанның туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылда. Бағдарламаның негізгі мәні туризм саласын дамыту, соған байланысты туризмді өңірлерде жандандыру. Ол екі кезең бойынша, 2018-2020 жылдары және 2021-2023 жылдары іске асырылмақ. Жоспар бойынша келер жылы «Қазақтуризм» ұйымы құрылады. Олар өңірлердің ерекшеліктерін ескеріп, аймақтың имидж қалыптастыру мен маркетинг жұмыстарын жүргізу ісін қолға алып, қай облыста қандай демалыс ұйымдастырылатынын және туристік бағыт болатынын белгілейді. Әзірге алты өңірлік мәдени-туристік кластер анықталған. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының туризмін, Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағын, Алматы қаласының маңындағы тау шаңғы аймағын, Кендірлі демалыс аймағын дамытудың бекітілген жүйелі жоспарлары, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының мастер-жоспары негізінде әзірленді.


Туристік сала әлемдегі ең ірі және қарқынды дамып отырған салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) деректері бойынша 2014 жылы туризмге әлемдік ЖІӨ-нің 9 %-ы (тікелей және жанама әсерді ескере отырып), тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік экспортының 6 %-ы тиесілі болады. Осы салада шамамен 100,9 млн. адам жұмыс істеуде, бұл ретте әлемдегі әрбір 11 жұмыс орны туризм саласында құрылады.

Туризм телекоммуникация және көлік, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы және басқалар сияқты аралас салаларға ықпал ете отырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі.

Қазақстан бай туристік-рекреациялық әлеуетке ие бола отырып, туризмнің жеткілікті дамымауымен сипатталады. Оның ЖІӨ-дегі үлесі (тек тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер есептеледі) шамамен 0,9 %-ды құрайды. 2015 жылы туристік қызметтен түскен кіріс мөлшері 236,4 млрд. теңгені құрайды, бұл 2010 жылғы деңгейден 2 есе артық (126,5 млрд. теңге). Салада жұмыспен қамтығандар саны 103,6 мың адамды құрады. Туристік қызметтен республикалық бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер 2015 жылы 11,0 млрд. теңгені құрады [4].


2016 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда 2 031 туристік ұйым, 138 062 жатын-орын сыйымдылығы бар 2 754 орналастыру орны жұмыс істеді, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішіне қарағанда 16,6 %-ға жоғары.

Орналастыру орындарының жалпы санының 62,4 %-ын қонақүйлер құрайтынын, олардың 10,1 %-ының санаты бар, 52,3 %-ының санаты жоқ қонақүйлер, ал 37,6 %-ы өзге де орналасу орындары екенін атап өту қажет (1-сурет).



Сурет 1. Орналасу орындарының санаттары

Орналастырудың негізгі бөлігі (63,3 %) Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және тиісінше Астана қаласында шоғырланған (2-сурет).



Сурет 2. Өңірлер бөлінісіндегі орналасу орындарының үлес салмағы


2016 жылы қонақүйлердегі жатын-орын толтырылымы 23,8%-ды (2015 жылы – 23,5 %) құрады.

Санаты бар қонақүйлердегі орташа деңгейдегі толтырылым 24,3 %-ды, ал санаты жоқ қонақүйлерде 19,3 %-ды құрады. Бұл ретте толтырылымның барынша жоғары деңгейі 5\* санатты қонақүйлерде (31,1 %), ең төменгі деңгейі 1\* санаты бар қонақүйлерде (14,6 %) тіркелген (3-сурет).



Сурет 3. Орналасу орындарындағы толтырылым деңгейі

2016 жылы жатын-орын толтырылымының анағұрлым жоғары деңгейі мынадай облыстарда байқалады: Батыс Қазақстан – 29,5 %, Атырау – 27,6 %, Шығыс Қазақстан – 26,8 % және Ақтөбе – 24,3 %. Ең төменгі толтырылым деңгейі Жамбыл (15,6 %) және Ақмола облыстарында (17,3 %) тіркелген. Астана және Алматы қалаларында қонақүйлердегі толтырылым тиісінше 27,6%-ды және 28,2%-ды құрады (4-сурет).



Сурет 4. Өңірлер бөлінісіндегі орналасу орындарының толтырылым деңгейі

Орналасудың жіктелмейтін объектілерінің елеулі санының нәтижесі сервистің төмен сапасы және жоғары бағаны ескере отырып, келушілердің аздығы болып табылуы мүмкін.

Қонақүйлік көрсетілетін қызметтердің жоғары деңгейлі орналастыру орындарында тұру бағасы әлемнің озық туристік дестинацияларындағы ұқсас қонақүйлерге қарағанда айтарлықтай жоғары. Астана және Алматы қалаларындағы 5\* қонақүйлердегі стандартты нөмірдің орташа құны Еуропаның озық қалалары мен әлемнің туристік дестинацияларындағы орташа бағаларға қарағанда 20 %-ға жоғары.


Басқа орналастыру орындарында – пансионаттарда, туристік базаларда, паналарда, кемпингтерде, келушілерге арналған жатақханаларда және басқа да орындарда көрсетілетін қызметтердің бағалары шамамен 25-30 %-ға төмен.

Жоғары қойылған бағалар бәсекелес ортаның жетіспеушілігіне және бизнес-туристерге аса тәуелді болмауына байланысты. Қонақүйлік көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, ұсынылатын туристік көрсетілетін қызметтер шектеулі сервистен ұсынылады және нашар реттелген болып табылады. Тұруға және авиабилеттерге жоғары бағалардың Қазақстанға тур құнын едәуір ұлғайтатынын және тиісінше халықаралық нарықтағы баға бойынша оның бәсекеге қабілеттілігін төмендететінін атап өткен жөн [5].


Қазақстандағы ішкі және келу туризміне 2000 – 2007 жылдар кезеңінде сұраныстың артуы, кейінен оның экономикалық дағдарысқа байланысты 2008 және 2009 жылдары төмендеуі байқалды. 2010 жылы экономиканың қайта қалпына келуімен 2011 жылы



туризмге сұраныс жаңғыртылды және 2014 жылы рекордтық деңгейге дейін жетті. 2016 жылы келушілер санының өсуі 2010 жылмен салыстырғанда 65,5 %-ды құрады, түнеу санының өсуі – 34,6 % (5, 6-суреттер)



Сурет 5. 2010 және 2016 жылдардағы келушілер саны



Сурет 6. 2010 және 2016 жылдардағы түнеулер саны


2016 жылы орналастыру объектілерінде қызмет көрсетілген келушілер құрылымы мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

1) орналасу объектілерінің санаттары бойынша: келушілердің 81,2%-ы қонақүйлерге (келушілердің 42,2%-ы санаты бар қонақүйлерге, 38,8%-ы санаты жоқ қонақүйлерге), келушілердің 18,8%-ы өзге де орналасу орындарына орналасқан. Бұл ретте 2013 жылы келушілердің 86,4 %-ы қонақүйлерге (келушілердің 42,1 %-ы санаты бар қонақүйлерге, 44,3 %-ы санаты жоқ қонақүйлерге), келушілердің 13,6 %-ы өзге орналасу орындарына орналасқан (7-сурет).




Сурет 7. 2013 және 2016 жылдардағы орналасу орындарының санаттары бойынша қызмет көрсетілген келушілер құрылымы [6]

2) өңірлер бойынша: тіркелген келушілердің 47,1 %-ы Астана (17,4 %) және Алматы (18,8 %) қалаларында және Шығыс Қазақстан облысында (10,9 %) тіркелген, ал 2013 жылы аталған өңірлердегі қызмет көрсетілген келушілер 47,7 %-ды құрады (8-сурет).



Сурет 8. 2013 және 2016 жылдардағы өңірлер бойынша қызмет көрсетілген келушілер құрылымы

3) шыққан елдер бойынша: 82,8 % қазақстандық келушілер (2013 жылы 82,3 %), резидент емес келушілердің (722 515 адам) – 31,4 %-ы Ресей Федерациясынан келушілер, 7,4 % Қытай Халық Республикасынан келушілер, 5,9 % Америка Құрама Штаттарынан келушілер, 5,9 %-ы Түркия Республикасынан келушілер, 4,5 % – Германия Федеративтік Республикасынан келушілер, 2,9 % – Италия Республикасынан келушілер және 42,0 % басқа да елдерден келушілер (9-сурет).



Сурет 9. 2013 және 2016 жылдардағы елдер бойынша қызмет көрсетілген келушілер құрылымы

Біздің еліміздің туристік мүмкіндіктері өте жоғары. Дүниежүзі мемлекеттері арасында көлемі жөнінен тоғызыншы орынды алатын мемлекетіміздің табиғаты да алуан түрлі. Батысын шөлді аймақтар алып жатса, шығысы асқар таулардың өлкесі. Сонымен қоса Қазақ жері тарихы тереңде жатқан көптеген ескерткіштер мен мекендердің орталығы. Өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық мәдениеті мен дәстүрі де туристерді қызықтырады сөзсіз. Осыларды қорытындылай келе Қазақстанның туристік әлеуеті жоғары екендігіне көз жетеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Орман кодексі](#).
2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Кодексі](#).
3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының [Жер кодексі](#).
4. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Заңы](#).



5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Тұжырымдамасының жобасы (мерзімі – 2017 жылдың соңына дейін).
6. «Қазақстан Республикасының туристік саланы дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы (мерзімі – 2017 жылдың қыркүйегі).

ӘОЖ 005.57

## **АҚПАРАТТЫҚ ЭКОНОМИКАҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТРЕНДІ РЕТІНДЕ**

**Лаура Маратқызы**

*[laura-997@mail.ru](mailto:laura-997@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономикалық факультет, Менеджмент мамандығының 3-курс  
студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Б.Т.Онаева.

Қазақстанның қалыптасып келе жатқан сандық экономикасына терең талдау тек осы типтегі экономиканың мәнін ғана емес, сонымен қатар адамзат қоғамын экономикалық ұйымдастырудағы жаһандық қайта құру мәнін толық ашуды талап етеді ғана. 1950 жылдардан бастап әлем елдері жаппай өндірістің постиндустриалды экономикасын бастан кешірді, ол кейін 1990 жылдары білім экономикасына және 2000 жылдары ақпараттық экономикаға ұласты.

Мақаланың мақсаты – экономиканың негізгі салаларын, профильдер мен кейстер, кедергілер және оларды жену жолдарын зерттеу арқылы Қазақстандағы ақпараттық экономиканың даму үрдісін бағалау.

1950 жылдардан бастап әлем елдері жаппай өндірістің постиндустриалды экономикасын бастан кешірді, ол кейін 1990 жылдары білім экономикасына және 2000 жылдары ақпараттық экономикаға ұласты. Өндірістің жалпы факторы ақпарат және коммуникациялық технологиялар (АКТ) болды. АКТ пайдалану арқылы ғаламтордың электрондық ортасында әр түрлі әлеуметтік-экономикалық қызмет түрлерін көрсету цифрлық экономиканы қалыптастыру үрдістерінің бірі болып табылады: е-коммерция, электрондық бизнес, электронды оқыту, электронды БАҚ және электрондық үкімет. Әр түрлі зерттеулерге сәйкес, "ғаламтор-экономиканың" көлемі G20 елдерінде олардың ЖІӨ-не шаққанда 2016 жылы шамамен 4,1 пайызға, 2017ж - 8,3 пайызға өсті. [1, 2]

Жаһандық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе Интернет технологияларды дамытудағы заманауи жетістіктер экономикалық қызмет үшін жаһандық электрондық ортаның қалыптастыруға алып келді, бұл, өз кезегінде, бизнесте және адамның әлеуметтік-экономикалық қызметіндегі басқа салаларында ұйымдық және институционалдық дизайн үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. АКТ адамдар мен қауымдарды біріктіруде; инновацияларды және өнімділікті арттыруда; өмір сүру деңгейін арттыруда; бәсекеге қабілеттілікті арттыруда және қоғамды жаңғыртуда, экономикалық және әлеуметтік кедергілерді еңсеруге, сондай-ақ кедейшілік деңгейін қысқартуда шешуші рөл атқарады.

Батыс Еуропада Солтүстік Америка мен Азия-Тынық мұхиты өңірі сияқты әлемдік саудадағы электрондық коммерция шамамен 90 пайызды құрайды [3].

Қазіргі уақытта экономикалық ұйымдастырудың екі тұжырымдамасы қабылданады: білім экономикасы және электрондық экономика. Электрондық тауарлар мен қызметтер арқылы жұмыс істейтін, электрондық іскерлік операциялар және электрондық сауданы іске асыратын және электрондық ақшаны пайдаланатын экономика электрондық немесе цифрлық экономика деп аталады. Осы анықтауға электрондық экономиканың электрондық үкімет,